




БЕКІТІЛДІ

М.Х. Дулати атындағы
Тараз университеті
Ғылыми кеңестің 2025
жылғы сәуір
шешімімен № 11 хаттама)

СТАРТАП ЖОБАЛАР КОНКУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 18

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Кабдушев А.А.	 /қолы/	20.03.25 ж.
	Коммерцияландыру бөлімінің басшысы Ж.Т.Танаев	 /қолы/	20.03.25 ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Ғылым және коммерцияландыру департаментімен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Алғаш рет		
5. ТАРАТЫЛСЫН	Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары мен ғылыми жұмыстар жөніндегі декан орынбасарларына		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Ғылыми кеңесі шешімімен бекітілді. Хаттама № 19 « 3 » 04 2025ж.		
7. КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.Ә.	 /қолы/	26.03.25 ж.
	Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /қолы/	26.03.25 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	 /қолы/	27.03.25 ж.
	Бас бухгалтер Амиртаева Н.Ш.	 /қолы/	24.03.25 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж. Е.	 /қолы/	04.03.25 ж.
	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Балкибаева Г.А.	 /қолы/	26.03.25 ж.

Осы құжат «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» ҚЕ АҚ Басқарма Төрағасының-ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

№		бет
1	Қолдану саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар.....	5
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	5
5	Жалпы ережелер.....	6
6	Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі.....	6
7	Конкурстық комиссия функциясы.....	7
8	Конкурсқа қатысу тәртібі, жеңімпаздары анықтау, қатысушылар құқықтары.....	8
9	Тәуекелдерді басқару.....	9
10	Қосымшалар А қосымшасы-Танысу парағы.....	11
	Б қосымшасы- Өзгерістерді тіркеу парағы.....	12

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл Ереже М.Х.Дулати атындағы университет студенттері арасында өткізілетін студенттік стартап жобаларды конкурстан өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізуді М.Х.Дулати атындағы университеттің Ғылым және коммерцияландыру департаменті, Коммерциализациялау бөлімі жүзеге асырады. Осы Ереже университеттің конкурсына қызығушылық танытқан студенттерге қолданылады және ұсынылады. Ереже М.Х.Дулати атындағы университеттің ресми сайтында жарияланады.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Заң	- 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII заң "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; - Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары, ҚР Білім және ғылым министрінің 2007.11.29 № 583 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге ҚР ҰҚМ 2023.06.08 №263 бұйрығы); - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 болып тіркелді.
Стандарт	- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
Ереже	- Дәрежелерді беру ережелері, ҚР Ғылым министрінің 31.03.2011 ж. № 127 бұйрығы (09.01.2023ж. ҚР ҒЖБМ № 7 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);
Қаулы	- Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
Жарғы	- "М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КЕАҚ Жарғысы, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 18.09.2024 ж. № 660 бұйрығымен бекітілген;
Даму бағдарламасы	- М. Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы;
УСТ 01	- «Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандарты;
УСТ 02	- «Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын әзірлеу мен рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын талаптар» университет стандарты;
УСТ 03	- «Ішкі аудит» университет стандарты;

УСТ 05	- «Түзетуші әрекеттер» университет стандарты;
УСТ 06	- «Басшылық тарапынан талдау» университет стандарты.
ҚЕ 2.07	- Қызметкерлерді моральдық және материалдық ынталандыру туралы ереже (ОПҚ, КПБ және қызметкерлер);
ҚЕ 4-1.01	- Ғылыми-зерттеу қызметі туралы ереже;
ҚЕ 4.08 – 2023	- Ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже;
РИ 2-9-1	- "Тәуекелдерді басқару" жұмыс нұсқаулығы.

3. АТАУЛАР, ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ОПҚ	- оқытушы-профессорлар құрамы
ЖОО	- Жоғары оқу орындары
Конкурс	- Студенттік стартап жобаларды коммерцияландыру конкурсы
Университет	- М.Х.Дулати атындағы университеті
ҚП	- құжаттандырылған процедура
ҒЗЖ	- ғылыми зерттеу жұмыстары
КБ	- коммерцияландыру бөлімі
КК	- конкурстық комиссия

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжаты Дулати университетінің Ғылыми кеңес отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Ғылым және коммерцияландыру департаментіне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Студенттік стартап жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) М.Х.Дулати университетінің ғылыми инновациялық

жобаларды коммерцияландыру конкурсын өткізумен байланысты ұйымдастырушылық жұмыстарын реттеп отырады.

5.2 Конкурсқа бір идея авторы және 5 адамнан артық емес авторлар тобын құрайтын университетінің білім алушылары қатыса алады. Әр қатысушы екі өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

5.3 Конкурсқа жаңа ғылыми, инженерлік, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын тәуелсіз жобалар ұсынылады. Конкурсқа нәтижелері коммерциялық пайдалануға бағытталған жаңа материалдар, бұйымдар, процестер, құрылғылар, қызметтер, жүйелер немесе әдістерді жасауға және оларды әрі қарай жетілдіруге бағытталған ғылыми жобалар қабылданады. Реферат түріндегі жұмыстары қабылданбайды.

5.4 Әр кафедра кемінде бір стартап жобасын әзірлеуді міндетті түрде жүзеге асыруы тиіс.

5.5 Оқытушылардың жеке жұмыс жоспарында міндетті түрде стартап жобаларын әзірлеу және дамыту жөніндегі тапсырмалар қамтылуы тиіс.

5.6 Кафедраның стартап жобалары бойынша алдымен кафедраның үйірмелерінің жоспарларына және факультет деңгейіндегі жалпы жоспарға міндетті түрде енгізілуі тиіс.

5.7 Әр стартап жобасында тек бір жетекші болуы тиіс.

5.8 Университет қабырғасында кафедра, зертхана, компьютерлік кабинеттер және стартап жобаларын әзірлеу мен іске асыру үшін пайдалануға болады.

5.9 Конкурстың негізгі мақсаттары:

- ел экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ететін ең перспективалы инновациялар мен технологияларды анықтау және ғылыми-инновациялық қызметке қатысу арқылы жастардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуетін ашуға және іске асыруға жағдай жасау;
- Университет білім алушыларын кәсіпкерлікке ынталандыру, кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- коммерцияландыру әлеуеті жоғары жобаларды анықтау;

5.10 Конкурстың негізгі міндеттері:

- Университет білім алушыларының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;
- Жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне және техникалық шығармашылыққа тарту;
- Қазақстан Республикасының ғылыми, техникалық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде жастардың зияткерлік әлеуетін пайдалану үшін жағдай жасау;
- Отандық стартап жобаларды әрі қарай коммерцияландыру және ұлттық кәсіпорындарда өндіріске енгізу үшін жылжытуға жәрдемдесу;
- Ғылымға негізделген экономиканы дамытуға бағытталған прогресивті және инновациялық жобаларды қолдау.

6. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Өтінімдер төмендегі бағыттар бойынша қабылданады:

- жасыл энергетика (энергетика мен энергияны үнемдеу);
- химиялық технология, нанотехнология және биотехнология;
- өндірістек және құрылыс технологиялары мен өндіріс;
- агроөнеркәсіптік инновация (өндірістік технология және өндіріс);
- IT технологиялар;
- медицина, медициналық жабдықтар мен технологиялар, фармацевтика;
- табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстарды сақтау;
- робототехника;

- қауіпсіз көлік (жол қауіпсіздігін ұйымдастыру);
- ең жақсы лайфхак (өмірге арналған жаңа құрылғылар);
- 3D басып шығару және жаңа материалдар;
- гаджеттерге арналған мобильді қосымшалар;
- экологиялық инновациялар;
- нано-импульс-нанотехнологияладығы инновациялар;
- білім беру инновациялары;
- құқықтық қызметтерді дамыту;
- LegalTech;
- құқықтық процестерді автоматтандыру
- сот төрелігін цифрландыру
- және басқалар.

6.2. Бағалау критерийлері:

- стартап жоба нәтижелерінің өзектілігі мен маңыздылығы (максималды балл – 10 балл);
- стартап жобаны өз өндірісіне ендіре білу мүмкіндігі (максималды балл – 10 балл);
- ұсынылып отырған материалдың сапасы (максималды балл – 5 балл);
- потенциалды тұтынушылардың болуы (максималды балл – 30 балл);
- патентке қабілеттілік (максималды балл – 20 балл);
- презентация жасау дағдысы (максималды балл – 5 балл);
- заңнамалық талаптарға сәйкестік (максималды балл – 10 балл);
- әлеуметтік маңыздылық (максималды балл – 10 балл);
- сот тәжірибесінде практикалық қолдану (максималды балл – 10 балл);

6.3. Конкурс III кезеңнен тұрады:

- I кезең: Конкурс университеттің ресми сайтында жарияланған күннен бастап 20 күн бойы өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады.
- II кезеңде Конкурстық комиссия коммерциялық потенциалы жоғары өтінімдерді іріктейді.
- Конкурстың қорытынды III кезеңі келісілерді қамтиды:
- қатысушылар презентациямен ауызша баяндамаларын тыңдау және бағалау;
- жеңімпаздарды анықтау;
- жеңімпаздарды марапаттау.

6.4 Конкурстың қорытынды кезеңіне өткен барлық қатысушылар дипломдармен марапатталады.

6.5 Ұтқан жобалар мемлекеттік қолдау көрсетілетін ұсынылған жобаларға қатысуға құқықты болады.

6.6 Конкурс жеңімпаздарына басшылық бекіткен тәртіппен қаржылай сыйлық тағайындалады.

6.7 Конкурс жеңімпаздарына қаржылай сыйлықты, университет тарапынан төленеді.

7. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ФУНКЦИЯСЫ

7.1 Конкурстың нәтижелерін шығару үшін университет ректорының бұйрығымен бекітілетін Конкурстық комиссия құрылады.

7.2 Конкурстық комиссияның құрамына ғалымдар, тиісті сала мамандары және аймақтық кәсіпорындардың өкілдері кіреді. Конкурстық комиссияның құрамына комиссия төрағасы, конкурстық комиссияның мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы кіреді. Комиссия хатшысының қатысушылардың жобаларын бағалауға құқығы

жоқ. Конкурсқа қатысуға өтінімдердегі ақпаратты нақтылау үшін конкурстық комиссия конкурс қатысушыларынан қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

7.3 Конкурстық комиссия:

- Конкурстың іріктеу кезеңіне келіп түскен жобаларға сараптама жасайды;
- Қорытынды кезеңнің қатысушылар санын анықтайды және бағдарламасын дайындайды;
- Конкурстың қорытынды кезеңінің қатысушыларының баяндамаларын тыңдайды және бағалайды;
- Конкурстың қорытынды кезеңнің қатысушыларының рейтингін жасайды және жеңімпаздарды анықтайды.

7.4 Конкурстық комиссияның жұмысы құзыретті болып саналады және оның шешімдері оның мүшелерінің көпшілігі қатысқан жағдайда жарамды деп танылады. Ұпайлар тең болған жағдайда конкурстың екінші кезіңінің жеңімпаздары конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықталады.

8. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ, ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ, ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ

8.1 Өтінім төмендегі мәліметтерді

- қатысушы немесе қатысушылар тобының аты-жөні (толық);
- факультеті, кафедрасы, мамандығы, тобы, курсы;
- стартап жобаның сипаттамасы;
- стартап жобаның бағыты;
- стартап жобаның мақсаттары мен міндеттері;
- стартап жобаның өзектілігі;
- ағымдық жағдай (мәселе) және мәселені шешу жолдары;
- әлеуметтік – экономикалық тиімділік;
- техникалық сипаттама және технологияларды сипаттау;
- зияткерлік меншік туралы ақпарат (болған жағдайда) зияткерлік меншік туралы құқығын растайтын құжаттар патенттер, кәсіптік және т.б.), ұсыныстар, пікірлер, жобаны мақұлдау хаттамалары, бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми ғылыми мекемелер мен мемлекеттік органдардың сайттарындағы жарияланымдарға сілтемелер (бар болса) өтінімге Portable Document Format (PDF) сканерлеген көшірме түрінде қоса беріледі. Жобаның енгізілген кезеңдерінің тәжірибелік үлгісі болған жағдайда, эскиздерін, сызбаларын, диаграммаларды, фотосуреттерді, бейнематериалдар (2 минуттан артық емес), графиктерді, тестілеудің есептерін (тәжірибелік актілерін және хаттамаларын) және т.б. қосымша тіркеу қажет.

8.2 Өтінімдерді рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Мәтін мөлшері 12 және Times New Roman шрифты;
- Абзац көлемі барлық текст бойынша - 1,25 см
- Барлық жағынан ашық шеттері - 2 см
- Ені бойынша түзетілген.

8.3 Өтінімдерді Коммерцияландыру бөлімінің электронды адресіне (адрес) «Стартап жобалар конкурсын ұйымдастыру ережесі» деген тақырыппен жіберу қажет.

8.4 Материалдар мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданады

8.5 Конкурсқа қатысушылар құқылы:

- Конкурстың шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
- Конкурсқа қатысу үшін материалдар жіберуге.

8.6 Конкурсқа қатысушылар міндеті:

- Конкурстың тақырыбымен алдын ала танысуға, Конкурсқа қатысу талаптарын зерделеуге;
- осы Ереженің талаптарына сәйкес жасалған материалдарды уақтылы ұсынуға.
- осы Ережеде қарастырылған ережелер мен рәсімдерді сақтауға.

8.7 Конкурстың қорытынды кезеңіне Конкурстық комиссия іріктеген жобалар өткізіледі.

8.8 Баяндамашылар үшін регламент 3 минуттан аспайды.

8.9 Конкурстық комиссия шешімімен Конкурс жеңімпазы анықталады.

8.10 Конкурстың өту барысы туралы барлық ақпараттар Университеттің ресми сайтында жарияланып отырады.

8.11 Өтінімдер хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей беріледі. Конкурс тықырыбына, талаптарға сәйкес келмейтін материалдар, сондай-ақ белгіленген мерзімнен кейін түскен материалдар конкурсқа жіберілмейді.

8.12 Конкурсқа жіберілген материалдар қайтарылмайды.

9. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

9.1 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ықтималдық» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Екіталай (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Едәуір ықтимал
3	Ықтимал
4	Өте ықтимал

9.2 кестесі – Жағымсыз оқиғаны талдау. «Күрделілік» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың қанағаттанбауының болмашы жағдайлары; салдарын жоюға шамалы шығындар; университет беделіне залал келтірілмеуі)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар, мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтата тұру, беделін жоғалту).

9.3 кестесі - Тәуекелдің қолайлылығы шкаласы

Күрделілік		1	2	3	4
Ықтималдық	1	1	2	3	4
	2	2	4	6	8
	3	3	6	9	12
	4	4	8	12	16

9.4 кестесі – Тәуекелдерді басқару

№	Үдеріс	Тәуекел/ жағымсыз уақиға	Тәуекелдің қызметке әсерін сипаттау/ Үдеріс	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету іс-шаралары (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Орын дау мерзімдері
				Жағымсыз оқиғаның болу ықтималдығы / жиілігі (В)	Маңыздылығы / жағымсыз уақиғаның әлеуетті немесе нақты салдары (С)	Баға (В*С)			
1	Конкурс шарттарын әзірлеу	Қатысушылардың жеткіліксіздігі	Конкурс қатысушылардың аздығынан өтпеуі мүмкін, бұл оның табысына әсеретуі мүмкін	1	2	1	Стартаптарды тарту үшін серіктестер желісі арқылы жарнама жасау	Конкурс ұйымдастырушылары	Конкурсқа дейін
2	Өтінімдерді қабылдау	Өтінімдердің дұрыс емес немесе толық болмауы	Өтінімдердің конкурс талаптарына сай болмауы кезеңнің кідіруіне немесе жойылуына себеп болуы мүмкін	1	2	1	Өтінімдер беру үшін нақты нұсқаулар мен талаптар әзірлеу, қатысушыларға консультациялар беру	Конкурс ұйымдастырушылары	Конкурсқа дейін
3	Конкурстың финалын ұйымдастыру	Техникалық жабдықтар мен немесе платформа мен проблемалар	Платформаның немесе техникалық жабдықтардың жұмысында ақаулар конкурстың өтуін бұзуы мүмкін	1	2	1	Барлық жүйелер мен жабдықтарды алдын ала тексеру, техникалық қолдау көрсету	Конкурс ұйымдастырушылары	Конкурсқа дейін

10. ҚОСЫМШАЛАР**А қосымшасы****Танысу парағы**

(міндетті)

№ р/с	Лауазымы	Аты - жөні	Күні	Қолы
1	Декан	Ермишев Н.А.	09.04.25	Ермишев
2	Декан пров.басқарм.	Берлинбеков Е.А.	08.04.25	Берлинбеков
3	Декан	Сағдибаев Н.	09.04.25	Сағдибаев
4	зам. декана ТР	Султурова Н.А.	09.04.25	Султурова
5	зам. декана ФФТИ	Намсанбаев А.С.	09.04.25	Намсанбаев
6	зам. декана РТИ	Сурдимуков Б.Т.	09.04.25	Сурдимуков
7	зам. декана РЕН	Бекбаев Т.Е.	09.04.25	Бекбаев
8	Декан	Муратова Д.Н.	9.04.25	Муратова
9	Декан ФФЧ	Абдуж.Б.	10.04.25	Абдуж.Б.
10	зам. декана	Бекмолдов Н.	10.04.25	Бекмолдов
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				
28				

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]